

Шоттардың бірыңғай жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2023 жылғы 15 қарашадағы № 1195 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 337 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 02.07.2025 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 116–1 бабының 2–тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Шоттардың бірыңғай жоспары бекітілсін.
 2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың көшірмелерін мемлекеттік және орыс тілінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;
 - 2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
- Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
3. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушы

Д. Темірбеков

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2023 жылғы "___" _____
№ __ бұйрығымен бекітілген

Шоттардың бірыңғай жоспары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы шоттардың бірыңғай жоспары (бұдан әрі – ШБЖ) мемлекеттік, экономикалық және қаржылық қызметті қамтуды көздейтін бухгалтерлік және бюджеттік есеп шоттарын, бірыңғай бюджеттік сыныптаманы кодификациялау болып табылады.

2. Осы ШБЖ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6314 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары негізінде "Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5962 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың деректерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 116-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және барлық мемлекеттік мекемелер үшін бірыңғай болып табылатын қаржылық есептілік элементтерін құндық мәнде топтастыруға және ағымдағы көрсетуге арналған.

2-тарау. Шоттардың бірыңғай жоспарының құрылымы

3. Шоттардың бірыңғай жоспары мемлекеттік мекемелердің және республикалық және жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың операцияларын есепке алуға арналған кодтардың құрылымдалған тізбесін білдіреді.

4. Синтетикалық шоттар Шоттардың бірыңғай жоспарының 1-қосымшасына, осы ШБЖ-ға Бірыңғай бюджеттік сыныптама, бюджеттік және бухгалтерлік есеп кодтарының Шоттардың бірыңғай жоспарының кодтарына көшу кестесінің 2-қосымшасына және Бірыңғай бюджеттік сыныптама, бухгалтерлік есеп кодтарының Шоттардың бірыңғай жоспарының кодтарына көшу кестесінің 3-қосымшасына сәйкес орналастырылған. Негізгі бухгалтерлік операциялар бойынша шоттар корреспонденциясы Шоттардың бірыңғай жоспарына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Шоттардың бірыңғай жоспарының әрбір цифрлық кодының өз атауы бар, ол 8 (сегіз) белгіге бөлінеді:

Кодтың бірінші цифры бөлімдерге тиесілілігін;

кодтың екінші және үшінші цифрлары – кіші бөлімдерге тиесілілігін;

кодтың төртінші цифры – шоттарға тиесілілігін: 1 – республикалық бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, 2 – жергілікті бюджетті, 3 – республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің (облыстық бюджеттің) атқару жөніндегі уәкілетті орган, 4 – аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттерінің (облыстық маңызы бар қалалардың) атқару жөніндегі уәкілетті орган, 5 – жергілікті өзін-өзі басқару;

кодтың бесінші, алтыншы, жетінші және сегізіншіге дейінгі цифрлары мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарына тиесілілігін көрсетеді.

6. Бухгалтерлік жазбаларды тіркеу кезінде Шоттардың бірыңғай жоспарының барлық кодтары қолданылады.

Мемлекеттік мекемелер Шоттардың бірыңғай жоспарының бөлімдері мен кіші бөлімдерінен кодтарды тандайды.

3-тарау. Шоттардың бірыңғай жоспарының бөлімдері

7. Шоттардың бірыңғай жоспары дұрыс қаржылық есептілікті жасау және бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және өзге де қаржылық есептілікті жасау үшін қажетті көрсеткіштерді көрсету мақсатында экономикалық мазмұны бойынша топтастырылған 7 (жеті) бөлімнен тұрады:

1 бөлім – "Қысқа мерзімді активтер";

2 бөлім – "Ұзақ мерзімді активтер";

3 бөлім – "Қысқа мерзімді міндеттемелер";

4 бөлім – "Ұзақ мерзімді міндеттемелер";

5 бөлім – "Таза активтер/капитал";

6 бөлім – "Кірістер";

7 бөлім – "Шығыстар";

8 бөлім – "Өндіріске және басқа да мақсаттарға арналған шығындар".

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. 1 "Қысқа мерзімді активтер" бөлімінің шоттары

8. 1 "Қысқа мерзімді активтер" бөлімінің шоттары қысқа мерзімді ретінде жіктелетін мемлекеттік мекемелердің активтерін нақты сомасын және қозғалысын есепке алуға арналған.

9. 1 "Қысқа мерзімді активтер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

10 – "Ақша қаражаты және олардың баламалары";

11 – "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары";

12 – "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

13 – "Қорлар";

14 – "Өзге қысқа мерзімді активтер".

10. 10 "Ақша қаражаты және олардың баламалары" кіші бөлімі Бірыңғай қазынашылық шотта, қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында (бұдан әрі – ҚБШ), мемлекеттік мекемелердің шоттарында, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның шетел валютасындағы шоттарында ақша қаражатын және олардың баламаларын есепке алуға арналған.

Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

1 10 1 1001 – "Бірыңғай қазынашылық шот", мұнда аударым операцияларын орталықтандырып жүзеге асыру және олардың есебін жүргізу үшін Ұлттық Банкте бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұлттық валютада ашылған бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қозғалысы жөніндегі операциялар есепке алынады.

Бірыңғай қазынашылық шотқа қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы ақша қалдықтарын қамтиды.

ҚБШ және ұлттық валютадағы басқа да шоттар бюджетке түсімдерді қамтамасыз ету, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру, тапшылықты қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындауға және түсімдерді республикалық және жергілікті бюджеттерге есепке жатқызумен және республикалық және жергілікті бюджеттерден шығыстар жүргізумен байланысты операцияларды есепке алуға арналған ҚБШ-дағы ақша қаражатының қозғалысына байланысты бюджетті атқару жөніндегі барлық операцияларды қамтиды және бюджеттің атқарылу процесінде оның жай-күйінің сипаттамасын қамтамасыз етеді.

ҚБШ және ұлттық валютадағы басқа да шоттар: республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттардағы, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-дағы, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына (бұдан әрі – ӘМСҚ) нысаналы жарналары, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, Арнаулы мемлекеттік қордың, шетел валютасындағы, нысаналы қаржыландырудың, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ-дағы, айқындалғанға дейінгі сомалар шоттарындағы, Еуразиялық экономикалық одақтың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы, қалдық ақшаларға

сыйақы шоттарындағы, бірыңғай қазынашылық шоттағы, ағымдағы, есеп айырысу және арнайы шоттардағы ұлттық валютадағы ақшаның қозғалысын ескереді;

1 10 1 1002 – "Шетелдік валютадағы шот", мемлекеттік мекеме жүргізетін есепті кезеңнің соңғы күніне қолданылатын және Жаңартылған "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) бірлесіп белгілеген тәртіпте анықталатын валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша шетелдік валютаны қайта есептеу жолымен алынған Қазақстан Республикасы валютасында валюталық операцияларды есепке алуға арналған;

1 10 1 1003 – "Түсімдер мен есеп айырысуларды есепке алу үшін ҚБШ" мемлекеттік мекеменің қайырымдылық көмектен алынатын, ақылы қызметтер, ақшаны уақытша орналастыру бойынша, жергілікті өзін-өзі басқарудың ақша қаражатын, республикалық және жергілікті бюджеттерге, Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 10 1 1004 – "Республикалық бюджеттің қайырымдылық көмек ҚБШ", мұнда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес республикалық бюджет алатын, олар үшін филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанына қолдау көрсету жөніндегі қызметтен алынатын ақшаның түсімі мен оның жұмсалуды есепке алынады;

1 10 2 1005 – "Жергілікті бюджеттің қайырымдылық көмек ҚБШ", мұнда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жергілікті бюджет алатын, олар үшін филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанына қолдау көрсету жөніндегі қызметтен алынатын ақшаның түсімі мен оның жұмсалуды есепке алынады;

1 10 1 1006 – "Республикалық бюджеттің ақылы қызметтер ҚБШ", мұнда мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден және республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған олардың есебінен ақылы қызмет ҚБШ шығыстарын жүргізуден түскен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) бекітілген Бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету ережелерінде (бұдан әрі – № 540 Ереже) белгіленген тәртіппен пайдаланылатын ақша қозғалысы есепке алынады;

1 10 2 1007 – "Жергілікті бюджеттің ақылы қызметтер ҚБШ", жергілікті бюджет иелігінде қалатын және Бюджет кодексіне сәйкес және № 540 Ережемен бекітілген бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларында белгіленген тәртіппен пайдаланылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден алынатын ақша түсімі мен оның жұмсалуды есепке алынады;

1 10 1 1008 – "Республикалық бюджеттің ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ", мұнда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалар қайтарып алу немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге беретін ақша қозғалысы есепке алынады;

1 10 2 1009 – "Жергілікті бюджеттің ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ", мұнда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалар қайтарып алу немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге беретін ақша қозғалысы есепке алынады;

1 10 5 1010 – "Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ", мұнда "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Жергілікті басқару туралы Заң) сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыру үшін ақшаның түсімі мен жұмсалуды есепке алынады;

1 10 1 1011 – "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ", мұнда есептелген бюджет қаражаты және оларды ерекше шығыстарды жүргізуге пайдалану есепке алынады (нысаналы қаржыландыру шоты);

1 10 1 1012 – "Республикалық бюджеттің ҚБШ", мұнда бірыңғай қазынашылық шотынан республикалық бюджетке түсетін түсімдерді есепке жатқызу есепке алынады;

1 10 2 1013 – "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ", мұнда бірыңғай қазынашылық шотынан жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерді есепке жатқызу есепке алынады;

1 10 1 1014 – "Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ", мұнда "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Қор туралы Заңы) сәйкес көзделген тәртіппен ақша түсімдерін есепке жатқызу және жәбірленушілерге өтемақы төлемдерін жүргізу есепке алынады;

1 10 1 1015 – "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ", мұнда "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Білім туралы Заңы) сәйкес ақша түсімдерін есепке алу және оларды жұмсау есепке алынады;

1 10 2 1016 – "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның ҚБШ", мұнда Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ақша түсімдерін есепке алу және оларды Білім туралы Заңына сәйкес жұмсау есепке алынады;

1 10 1 1017 – "Шетел валютасындағы ҚБШ" бірыңғай қазынашылық шоттан республикалық бюджетке шетел валютасындағы түсімдердің есепке алынуы ескеріледі;

1 10 1 1018 – "Арнаулы мемлекеттік қордың ҚБШ", мұнда ақша, "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Активтерді қайтару туралы Заң) сәйкес Арнайы мемлекеттік қорға ақша түсімін есепке алу қайда есепке алынады;

1 10 1 1019 – Орталық уәкілетті органның Арнаулы мемлекеттік қорының ҚБШ", мұнда ақша, оның ішінде Активтерді қайтару туралы Заңына сәйкес қайтарылған мүлікті өткізуден түскен ақша; "Активтерді қайтару туралы Заңына сәйкес басқарушы компанияның меншігіне түскен өзге мүлікті өткізуден түскен не оның активтерді басқару жөніндегі қызметі нәтижесінде түскен ақша;

1 10 2 1020 – "Жергілікті уәкілетті органның Арнаулы мемлекеттік қорының ҚБШ", мұнда ақша, оның ішінде Активтерді қайтару туралы Заңына сәйкес қайтарылған мүлікті өткізуден түскен ақша; Активтерді қайтару туралы Заңына сәйкес басқарушы компанияның меншігіне түскен өзге мүлікті өткізуден түскен не оның активтерді басқару жөніндегі қызметі нәтижесінде түскен ақша;

1 10 1 1030 – "Кассадағы ақша қаражаты", мемлекеттік мекеме кассасындағы ақша қаражатының бар-жоғын және қозғалысын есепке алуға арналған;

1 10 1 1040 – "Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шоты" мемлекеттік мекеменің ағымдағы шотындағы ақша қаражатын есепке алуға арналған;

1 10 1 1050 – "Есеп айырысу шоты" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен Қазақстан Республикасының елшіліктері және өзге де ұйымдар алған ақша қаражатын есепке алуға арналған;

1 10 1 1060 – "Арнайы шот", бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қарыз қаражаты (сыртқы қарыздар және байланысты гранттар) бойынша қаражаттың түсуі мен жұмсалуды бойынша қаржылық операцияларын есепке алуына арналған . Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 10 1 1061 – "Байланысты гранттың арнайы шоты", мұнда байланысты гранттар бойынша қаражаттың түсуі мен жұмсалуды бойынша қаржылық операциялар есепке алынады;

1 10 1 1062 – "Сыртқы қарыздың арнайы шоты", мұнда сыртқы қарыздар (қарыз қаражаты) бойынша қаражаттың түсуі мен жұмсалуды бойынша қаржылық операциялар есепке алынады;

1 10 1 1070 – "Өзге де ақша қаражаты" алдыңғы қосалқы шоттарда көрсетілмеген басқа да ақша қаражаттарын есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 10 1 1071 – "Аккредитивтер", мұнда мемлекеттік мекемелердің өнім беруші алдында активтерді жеткізгені үшін төлем бойынша туындайтын міндеттемелеріне сәйкес ашылған аккредитивтер сомасы есепке алынады;

1 10 1 1072 – "Ақша құжаттары", мұнда банктік овердрафт және өзге де ақша құжаттары есепке алынады;

1 10 1 1073 – "Жолдағы ақша қаражаты" мұнда шетел мекемелерінің шығындарын қаржыландыруға аударылған, бірақ шетел мекемелерінің есеп айырысу шотына түспеген ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1 10 1 1074 – "Өзге де ақша қаражаты", мұнда алдыңғы қосалқы шоттарда көрсетілмеген өзге де ақша қаражаты есепке алынады;

1 10 1 1080 – "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында көзделген республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларының сомалары бойынша қозғалысты есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 10 1 1081 – "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында көзделген мемлекеттік мекеменің міндеттемелер қабылдауға, мемлекеттік мекеменің қызметін ұстауға арналған жоспарлы тағайындаулар сомасы есепке алынады;

1 10 1 1082 – "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда күрделі салымдарды қаржыландыру бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алынады;

1 10 1 1083 – "Басқа да бюджеттердің есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге олар жергілікті бюджет есебінен міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар алу кезінде және керісінше жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге белгілі бір мақсаттарға республикалық бюджеттен міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар алу кезінде мемлекеттік мекеменің

міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулардың қозғалысы есепке алынады;

1 10 1 1084 – "Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда трансферттер бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алынады, олар жалпы сипаттағы трансферттер, нысаналы ағымдағы трансферттер, нысаналы даму трансферттері, мемлекеттік мекеменің қызметкері болып табылмайтын жеке тұлғаларға берілетін трансферттер, Ұлттық қорға берілетін трансферттер болып бөлінеді;

1 10 1 1085 – "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа және фермер қожалықтарына субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алынады;

1 10 1 1086 – "Республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдермен және олардың жұмсалыуымен байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдер есебінен мемлекеттік мекеменің шығыстары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар сомасы есепке алынады;

1 10 1 1087 – "Сыртқы қарыздардың және байланысты гранттардың есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда сыртқы қарыздардың және байланысты гранттардың есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар сомасы есепке алынады;

1 10 1 1088 – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алынады;

1 10 1 1089 – "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына берілетін нысаналы жарналары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына берілетін нысаналы жарналары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар сомасы есепке алынады;

1 10 2 1090 – "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" жергілікті бюджеттен ұсталатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 10 2 1091 – "Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында көзделген мемлекеттік мекеменің міндеттемелер қабылдауға, мемлекеттік мекеменің қызметін ұстауға арналған жоспарлы тағайындаулар сомалары есепке алынады;

1 10 2 1092 – "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда күрделі салымдарды қаржыландыру бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алынады;

1 10 2 1093 – "Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің пайдалануы үшін субвенциялар мен трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алынады, олар жалпы сипаттағы трансферттерге, нысаналы ағымдағы трансферттерге, нысаналы даму трансферттеріне, жергілікті өзін-өзі басқару трансферттеріне, жеке тұлғаларға берілетін трансферттерге бөлінеді;

1 10 2 1094 – "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда мемлекеттік бюджет, жергілікті бюджет немесе жергілікті органдар, жеке және заңды тұлғалар арнайы қор қаражаттар есебінен ақшалай жәрдемақылар түріндегі субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алынады;

1 10 2 1095 – "Жергілікті бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" мұнда жергілікті бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдер есебінен мемлекеттік мекемелердің шығыстарына бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар сомасы есепке алынады;

1 10 2 1096 – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар есепке алынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. 11 "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" кіші бөлімі қысқа мерзімді қаржылық құралдарды есепке алуға арналған. Бұл бөлімше келесідей шоттарға бөлінеді:

1 11 1 1110 – "Қысқа мерзімді берілген қарыздар" шоты қысқа мерзімді мемлекеттік мекемелерге ұсынылған қарыздарды есепке алуға арналған;

1 11 1 1120 – "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" шоты қысқа мерзімді қаржы инвестицияларды есепке алуға арналған (акциялар, мемлекеттік және жергілікті қарыздардың пайыздық облигациялары, депозиттік сертификаттар, салымдар, туынды бағалы қағаздар және басқа қаржы инвестициялары);

1 11 1 1130 – "Қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резерв" шоты қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резервтерді есепке алуға арналған.

12. 12 "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" кіші бөлім қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

1 12 1 1210 – "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 12 1 1211 – "Жеке тұлғаларға трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", мұнда:

әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік көмектер бойынша;

қызметкерлер мен қызметшілерге жұмыста алған жарақат, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың жұмыстағы міндеттерін орындауға байланысты өзге де денсаулығын зақымдаған залалдың орнын толтыру бойынша;

қаза болған, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына төленетін біржолғы төлемдер бойынша;

демалысқа кеткен кезінде шұғыл қызметтің әскери қызметшілеріне, әскери (арнайы) оқу орындарының курсанттарына азық-түлік үлесінің орнына ақшалай өтемақы бойынша;

жеке тұлғаларға басқа да трансферттер бойынша жеке тұлғалармен жасалатын есеп айырысулар көрсетіледі;

1 12 1 1212 – "Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша есеп айырысуларды есепке алуға арналған;

1 12 1 1213 – "Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған;

1 12 1 1214 – "Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", мұнда жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек есепке алынады;

1 12 1 1215 – "Занды тұлғаларға берілетін субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", мұнда заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа және фермерлік қожалықтарға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек есепке алынады;

1 12 1 1216 – "Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", мұнда республикалық бюджеттен халыққа төлеу үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеуге бөлінген және халыққа төлеу үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ) (мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, арнайы мемлекеттік жәрдемақылар, жерлеу үшін жәрдемақы және басқа да әлеуметтік төлемдер) берілген қаражат қозғалысы есепке алынады;

1 12 1 1217 – "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына нысаналы жарна бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберіндегі қызметтерге ақы төлеуге республикалық бюджеттен ӘМСҚ-ға аударылған нысаналы жарналары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған;

1 12 1 1220 – "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" салықтар үшін бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешекті (жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы және өзге салықтар), және де мемлекеттік мекемемен бюджетке артығымен аударылған сомаларды есепке алуға арналған;

1 12 1 1230 – "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" өтеу мерзімі бір жылға дейінгі сатылған активтер, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегін, сондай-ақ музыка мектептерінде балалардың оқуы үшін, мектеп-интернаттарда тәрбиеленушілерді ұстау үшін, мектеп жанындағы интернаттарда балалардың нысанды киім-кешегі үшін, тамақтануы үшін дебиторлық берешекті есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 12 1 1231 – "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", мұнда өтеу мерзімі бір жылға дейінгі сатылған активтер, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі көрсетіледі, кәсіптік техникалық білім беру мекемелерінде тапсырыс берушілермен орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін және сатылған дайын өнімдер үшін есеп айырысулар

, сондай-ақ өндірістік оқыту процесінде оқушылар орындаған жұмыстар үшін кәсіпорындармен және мемлекеттік мекемелермен есеп айырысулар есепке алынады;

1 12 1 1232 – "Төлемдердің арнайы түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", мұнда өтеу мерзімі бір жылға дейін музыка мектептерінде балалардың оқуы үшін, мектеп-интернаттарда тәрбиеленушілерді ұстау үшін, нысанды киім-кешек үшін, мектеп жанындағы интернаттарда балалардың тамақтануы үшін есеп айырысулар есепке алынады;

1 12 1 1233 – "Сатып алушылардың мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", мұнда жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікпен операцияларды есепке алу бойынша сатып алушылардың дебиторлық берешегі есепке алынады;

1 12 1 1240 – "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" өтеу мерзімі бір жылдан аз ведомстволық есеп айырысулар бойынша мемлекеттік мекемелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегін есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 12 1 1241 – "Ішкі ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінің ішкі ведомстволық есеп айырысу бойынша, оның ішінде қайтару негізінде республикалық бюджет қаражатының есебінен берілген кредиттер сомалары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған;

1 12 1 1242 – "Ведомствоаралық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" мемлекеттік мекемелердің ведомствоаралық есеп айырысу бойынша, оның ішінде қайтару негізінде республикалық бюджет қаражатының есебінен берілген кредиттер сомалары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегін есепке алуға арналған;

1 12 2 1243 – "Ішкі ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінің ішкі ведомстволық есеп айырысу бойынша, оның ішінде қайтару негізінде жергілікті бюджет қаражатының есебінен берілген кредиттер сомалары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған;

1 12 2 1244 – "Ведомствоаралық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" мемлекеттік мекемелердің ведомствоаралық есеп айырысу бойынша, оның ішінде қайтару негізінде жергілікті бюджет қаражатының есебінен берілген кредиттер сомалары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегін есепке алуға арналған;

1 12 1 1250 – "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" есептелген қарыздар, қаржы инвестициялары, жалдау бойынша сыйақылар және алынуға

тиісті басқа да сыйақылар бойынша дебиторлық берешекті есепке алуға арналған ;

1 12 1 1260 – "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" активтерді сатып алуға, қызметтерге ақы төлеуге, қызметтік іссапарлар бойынша есеп беруге берілген ақшалай қаражат бойынша қызметкерлердің, қызметкерлерге берілген қарыздар бойынша дебиторлық берешектің, "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Дене шынықтыру Заңы) сәйкес өзге де тұлғаларға берілетін іссапар шығыстары бойынша қызметкерлердің дебиторлық берешегінің қозғалысымен байланысты операцияларды есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 12 1 1261 – "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", мұнда есеп беретін тұлғалармен оларға іссапар шығыстарына, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз есеп айырысусыз жолмен жүргізілмеген шығыстарды төлеуге берілген сомалар бойынша есеп айырысулар есепке алынады;

1 12 1 1262 – "Қызметкерлермен басқа есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", мұнда активтердің анықталған жетіспеушіліктері мен талан-таражға түсуі бойынша, сондай-ақ өтеу мерзімі бір жылға дейінгі алдыңғы қосалқы шоттарда көрсетілмеген есеп айырысулардың басқа да түрлері бойынша адамдардың берешегі есепке алынады;

1 12 1 1263 – "Өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", Дене шынықтыру Заңның 8-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес іссапар шығыстарын берумен байланысты операциялар есепке алынады;

1 12 1 1270 – "Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" алдағы кезеңдерге жалдау төлемдерін жүзеге асыру шығыстардың болуына және олардың қозғалысына байланысты операцияларды есепке алуға арналған;

1 12 1 1280 – "Өзге де қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" алдыңғы шоттарда көрсетілмеген өтеу мерзімі бір жылға дейінгі өзге де дебиторлық берешек бойынша операцияларды есепке алуға арналған;

1 12 1 1290 – "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв" күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резервтерді құруға және оның қозғалысына байланысты операцияларды есепке алуға арналған;

1 12 1 1291 – "Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 12 1 1292 – "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша өтеу мерзімі бір жылға дейінгі дебиторлық берешекті есепке алуға арналған;

1 12 1 1293 – "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша өтеу мерзімі бір жылға дейінгі дебиторлық берешекті есепке алуға арналған;

1 12 1 1294 – "Негізгі капиталды сатудан есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", негізгі капиталды сатудан есеп айырысулар бойынша өтеу мерзімі бір жылға дейінгі дебиторлық берешекті есепке алуға арналған;

1 12 1 1295 – "Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", мемлекеттің қаржы активтерін сатудан есеп айырысулар бойынша өтеу мерзімі бір жылға дейінгі дебиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. 13 "Қорлар" кіші бөлімі шоттарында мемлекеттік мекемеге тиесілі құрылыс материалдарын, орнатуға құрал-жабдықтарды, материалдарды, тамақтану өнімдерін, отын және жағармайды, азық, жем, ыдыс, машиналар мен құрал-жабдықтарға қосалқы бөлшектерді, көмекші шаруашылық өнімдері мен бұйымдары, бордақыдағы малдар мен мал төлдерін, оқыту, ғылыми және басқа да мақсаттарға арналған материалдарды, сондай-ақ ұзақ қолдану және зертханалық сынақ материалдарын, шаруашылық шарттық ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін арнайы жабдықтарды есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды біріктіреді:

1 13 1 1310 – "Материалдар" материалдарды олардың заттық сипаты бойынша есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 13 1 1311 – "Құрылыс материалдары", мұнда құрылыс және монтаждау жұмыстары процесінде пайдаланылатын құрылыс материалдары есепке алынады. Құрылыс материалдарына силикат материалдары (цемент, керамзит, әк, кірпіш, қыш), күйдірілетін материалдар (қожды, керамзиттік, қыш), құрғақ құрылыс қоспалары, құрылыс металы (темір, қаңылтыр, болат, табақталған мырыш), құм, қиыршық, тас, шығылым, елек, ұсақ тас, құрылыс металы (арматура, рабица торкөзі), металл бұйымдар (шегелер, гайкалар, болттар, құрсаулау бұйымдары), шыны, пластмасса, пластикалы металл, санитариялық-техникалық материалдар (

крандар, муфталар, үштіктер), су жүргізу, кәріз, жылыту, газ үшін құбырлар және монтаждау және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары кезінде пайдаланылатын басқа да материалдар), электротехникалық материалдар (кабель, шамдар, патрондар, роликтер, сымдар, сақтандырғыш тетіктер, оқшаулағыштар), химиялық-малу (бояу, кендір май, қарақағаз), органикалық материалдар (битумды және қарамайлы созылмалы заттар, эмульсиялар) және басқа осыған ұқсас материалдар жатады;

1 13 1 1312 – "Оқу, ғылыми зерттеулерге және басқа да мақсаттарға арналған материалдар", мұнда реактивтер мен химикаттар, қара металдардың сынықтары мен қалдықтары, түсті металдардың сынықтары мен қалдықтары, арнаулы қор материалдары, әйнек және химиялық ыдыстар, металдар, электроматериалдар мен радиоматериалдар, радиошамдар, фотожарақтар, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен ғылыми жұмыстарды шығаруға арналған қағаздар, тәжірибелік жануарлар мен оқу мақсаттарына және ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған материалдар, сондай-ақ тіс салуға арналған қымбат бағалы және басқа металдар, ату жарақтары, белсенді өңдеу, арнайы өңдеу және газсыздандыру материалдары, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған ұзақ мерзімді қолдану материалдары, және де шаруашылық келісім ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін алынған арнайы құралдар есепке алынады;

1 13 1 1313 – "Дәрі-дәрмектер және байлап-таңу құралдары", мұнда қаржыландыру жоспарында шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшелігі бойынша қаражат көзделген емдеу-профилактикалық және емдеу-ветеринариялық және басқа да мемлекеттік мекемелердегі дәрі-дәрмектер, құрауыштар, бактериялық препараттар, сарысулар, екпелер, қан, байлап-таңу құралдары, термометрлер, тонометрлер, өзге де дәрілік құралдар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар есепке алынады. Бұл қосалқы шотта сондай-ақ өз дәріханалары бар медициналық мекемелердегі қосалқы және дәрі жасайтын материалдар есепке алынады;

1 13 1 1314 – "Тамақ өнімдері", мұнда шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшелігі бойынша қаржыландыру жоспарында қаражат көзделген, мемлекеттік мекемелердің тамақ өнімдері есепке алынады;

1 13 1 1315 – "Отын, жанар-жағар май материалдары", мұнда қоймаларда немесе қорларда, сондай-ақ тікелей материалдық жауапты адамдарда сақталған отынның, жанар және жағар май материалдарының барлық түрлері (ағаш, көмір, шымтезек, бензин, керосин, мазут, дизель отыны, автол, тосол, нигрол, литол, антифриз, тежегіш сұйықтығы және басқа жанар және жағар май материалдары), оның ішінде жанар және жағар май материалдарына арналған төленген талондар есепке алынады;

1 13 1 1316 – "Шаруашылық материалдары және кеңсе керек-жарақтары", мұнда шаруашылық материалдары (электр желілік фильтрлер, ұзартқыштар, шыныдан немесе басқа сынатын материалдан жасалатын ыдыс, пышақтар, шанышқылар, қасықтар, гүл құмыралары, қысқаш, балға, күректер, швабралар (ағаштан, пластмассада жасалған), ауаны дымқылдауыштар, электр шәйнектері, су қайнатқыштар, шелектер (пластмасса, алюминий, мырышталған, қаңылтыр, эмалдалған), кеңсе жарақтары (резеңке кілемшелер, сондай-ақ қағаздарға арналған жайма, пластик қоржындар, органайзер, басшының үстел үсті жинағы, калькуляторлар), балшықтан қорғайтын жол төсеніштер, портфельдер, қабырға сағаттары, үтіктейтін тақталар, маркерлі тақталар, диктофондар есепке алынады;

1 13 1 1317 – "Арнайы киімдер және өзге де жеке қолдану заттары", мұнда: іш киім (жейделер, қысқа жеңді көйлектер, халаттар); төсек орын жабдықтары мен жарақтары (матрацтар, жастықтар, көрпелер, ақ жаймалар, көрпе тыстар, жастық тыстар, жапқыштар, төсек-қапшықтар);

киім және нысанды киімдер, арнаулы киімдерді қоса (костюмдер, пальтолар, сулықтар, шолақ тондар, көйлектер, кофталар, юбкалар, күртелер, шалбарлар), құнына және қызмет мерзіміне қарамастан, бюджеттің есебінен ұсталатын денсаулық сақтау, оқу-ағарту, халықты әлеуметтік қорғау қызметкерлері және басқаларға арналған формалық киім және аяқ киім;

спорт киімдері және аяқ-киім, арнайы киімдер және өзге де жеке қолдану заттары есепке алынады;

1 13 1 1318 – "Қосалқы бөлшектер", мұнда машиналарда (медициналық, электронды есептеу), жабдықтарда, тракторларда, комбайндарда, көлік құралдарында тозған бөлшектерін ауыстыру және жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер (моторлар, сыртқы қабатын қосатын автокөлік шиналары, камералар, жиек ленталары) есепке алынады;

1 13 1 1319 – "Өзге де материалдар", мұнда құнына қарамастан барлық жануарлар түрлерінің төлдері және бордақылаудағы малдар, құстар, қояндар, мамық терілі аңдар, малға және басқа жануарларға арналған шөп, пішен, сұлы және басқа да жем-шөп түрлері, тұқымдар, тыңайтқыштар, мемлекеттік мекемелерде жұмыс жылқылары болса, төлі (құлындары), сондай-ақ қайтарылатын немесе ауыстырылатын ыдыс (күбілер, бидондар, жәшіктер, шыны банкілер, шөлмектер және басқа да ыдыс), ақпаратты техникалық тасығыштар (флеш-карталар, дискілер, дискеттер, токендер), компьютерлік тінтуірлер, клавиатуралар, спорт іс-шараларын жүргізуге арналған тауарлар (шайбалар, доптар, шахматтар, дойбылар, үстел үсті теннисіне арналған жинақтар, бадминтонға арналған жинақтар, арнаулы шаңғылар), қорек батареялары, балалар ойыншықтары, балалар ойындары, жалюздер, қызметтік иттерге арналған керек-жарақ, орны толтырылатын шығындары жүктеме шығыстардың

құрамында құрылыс-монтаждау жұмыстарының өзіндік құнына жатқызылатын уақытша (атаусыз) құрылыстар, қосалқы жайлар мен қондырғылар, жүкқұжат шығыстары құрамында құрылыс-монтаждау жұмыстарының өзіндік құнына жататын өтеу бойынша шығындар, төленген тамақтануға арналған талондар мен алдыңғы қосалқы шоттарда қамтылмаған басқа да материалдар есепке алынады;

1 13 1 1320 – "Аяқталмаған өндіріс" аяқталмаған өндіріс қалдықтарын есепке алуға арналған;

1 13 1 1330 – "Дайын өнім", өндірістік (оқулық) шеберханаларының, көмекші ауылшаруашылық және оқу-тәжірибелік шаруашылықтардың дайын бұйымдары мен өнімдерін, сондай-ақ дайын баспа өнімдерін есепке алуға арналған;

1 13 1 1340 – "Тауарлар" жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік меншігіне айналдырылған (түскен) тауарлардың, мүліктің болуына және қозғаласына байланысты операцияларды есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

1 13 1 1341 – "Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік" жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікпен операцияларды есепке алуға арналған;

1 13 1 1342 – "Өзге де тауарлар" тауарлардың болуына және қозғаласына байланысты операцияларды есепке алуға арналған;

1 13 1 1350 – "Жолдағы қорлар" өзге де қалаларға жеткізулер бойынша мемлекеттік мекеме ақысын төлеген, бірақ есепті күні қоймаға түспеген материалдарды есепке алуға, сондай-ақ орталықтандырылған жарақтандыру және шаруашылық қызмет көрсету топтарының қоймаларына алынған және мемлекеттік мекемелер бойынша бөлінбеген материалдарды есепке алуға арналған;

1 13 1 1360 – "Қорлардың құнсыздануына резерв" қорлардың құнын бұзылуына немесе моральдық жағынан ескіруіне байланысты таза сату құнына дейін төмендетуге арналған резервтерді құруға және қозғаласына байланысты операцияларды есепке алуға арналған.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. 14 "Өзге де қысқа мерзімді активтер" кіші бөлімі алдындағы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге де қысқа мерзімді активтерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарға бөлінеді:

1 14 1 1410 – "Берілген қысқа мерзімді аванстар" шоты есеп айырысулар әрбір жеке мәміле (тиеп жөнелту, тауарды жіберу немесе қызмет көрсету)

бойынша емес, қаражаттарды тараптар алдын-ала келіскен мерзімде және толық көлемде кезең-кезеңмен аудару жолымен жүзеге асырылған аванстық төлемдер тәртібінде өнім берушілермен есеп айырысуларды есепке алуға арналған;

1 14 1 1420 – "Алдағы кезеңдердің шығыстары" шоты есепті жылдың ішінде қазіргі кезеңде жүргізілген бірақ алдағы кезеңдерге жатқызылған шығыстар есепке алынады (сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру аударымдары, жалдау төлемі және алдағы кезеңдердің басқа шығыстары);

1 14 1 1430 – "Өзге де қысқа мерзімді активтер" шоты алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де қысқа мерзімді активтер бойынша операциялар есепке алынады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5–тарау. 2 "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінің шоттары

15. 2 "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінің шоттары ұзақ мерзімді ретінде жіктелетін мемлекеттік мекемелердің активтерін есепке алуға арналған.

16. 2 "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімі мынадай кіші бөлімшелерді қамтиды:

21 – "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары";

22 – "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек";

23 – "Негізгі құралдар";

24 – "Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар";

25 – "Инвестициялық жылжымайтын мүлік";

26 – "Биологиялық активтер";

27 – "Материалдық емес активтер";

28 – "Өзге қысқа мерзімді активтер".

17. 21 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" кіші бөлімі ұзақ мерзімді қаржылық құралдарды есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарға бөлінеді:

2 21 1 2110 – "Ұзақ мерзімді берілген қарыздар" шоты бір жылдан аса ұзақ мерзімді ұсынылған қарыздарды есепке алуға арналған;

2 21 1 2120 – "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шоты ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларын (басқа да ұйымдарда үлестік қатысу) есепке алуға арналған;

2 21 1 2130 – "Ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резерв" шоты қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резервті құру және қолданумен байланысты операцияларды есепке алуға арналған;

2 21 1 2140 – "Кредиттік шығындар резерві" ұзақ мерзімді қаржы активтерінің кредиттік шығындар резервін құрумен және пайдаланумен байланысты операцияларды есепке алуға арналған.";

2 21 1 2150 – "Берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы оң айырма", берілген бюджеттік кредиттің номиналды құны мен тиімді пайыздық мөлшерлемені (дисконтты) ескере отырып есептелген оның әділ құны арасындағы оң айырма сомасын есепке алуға арналған;

2 21 1 2160 – "Берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы теріс айырма", берілген бюджеттік кредиттің номиналды құны мен тиімді пайыздық мөлшерлемені (сыйлықақы) ескере отырып есептелген оның әділ құны арасындағы теріс айырма сомасын есепке алуға арналған.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. 22 "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" кіші бөлімі өтеу мерзімі есепті күннен бастап бір жылдан асатын дебиторлық берешектерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарға бөлінеді:

2 22 1 2210 – "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі" шоты өтеу мерзімі бір жылдан асатын оларға сатылған активтер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін сатып алушылармен және тапсырысшылармен есеп айырысу бойынша операцияларды есепке алуға арналған;

2 22 1 2220 – "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" алдағы кезеңде қаржылық жалдау бойынша жалдау төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстарды және жалдау бойынша өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған;

2 22 1 2230 – "Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" шоты басқа шот топтарында көрсетілмеген өтеу мерзімі бір жылдан асатын өзге дебиторлық берешек бойынша операцияларды есепке алуға арналған.

19. 23 "Негізгі құралдар" кіші бөлімі негізгі құралдарды есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

2 23 1 2310 – "Жер" бюджеттен бөлінетін қаражаттың есебінен сатып алынған жердің кез-келген түрін, ормандарды, ішкі сулар мен пайдалы қазбалардың кен орындарын есепке алуға арналған;

2 23 1 2320 – "Ғимараттар" тұрақты негізде салынған, ұстап тұратын және қоршап тұратын немесе біріктірілген (ұстап тұратын және қоршап тұратын) конструкциялардан тұратын объектілер түріндегі бөлек тұрған ғимараттарды,

объектінің функционалдық мақсатына қарай адамдар немесе жануарлар тұруға, заттарды сақтауға арналған объектілерді есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 23 1 2321 – "Тұрғын емес ғимараттар", мұнда басқару органдары, әлеуметтік-мәдени (оқу орындарының, ауруханалардың, емханалардың және амбулаториялардың, қариялар мен мүгедектігі бар адамдар арналған үйлердің, балалар мекемелерінің, кітапханалардың, клубтардың, мұражайлардың, ғылыми-зерттеу институттарының, шеберханалардың ғимараттары) және басқа да мемлекеттік мекемелер орналасқан өндірістік-шаруашылық мақсаттағы ғимараттар есепке алынады;

2 23 1 2322 – "Тұрғын үй ғимараттары", мұнда толығымен немесе көбіне тұрғын үй мақсатындағы ғимараттар есепке алынады (тұрғын үй-жайлардың жалпы пайдалы алаңы барлық пайдалы тұрғын және тұрғын емес алаңдардың кемінде 50 (елу) пайызын алады);

2 23 1 2330 – "Құрылыстар" су айдағыштарды, стадиондарды, бассейндерді, көпірлерді, ескерткіштерді, парктердің, саябақтардың, қоғамдық бақтардың қоршауларын және басқа да құрылысты есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 23 1 2331 – "Автомобиль жолдары" автомобиль жолдарын есепке алуға арналған;

2 23 1 2332 – "Өзге де жолдар" темір жол және өзге де жолдарды есепке алуға арналған;

2 23 1 2333 – "Өзге де құрылыстар" су айдағыштар, стадиондар, бассейндер, көпірлер, ескерткіштер, парктердің, саябақтардың, қоғамдық бақтардың қоршаулары және басқа құрылысты есепке алуға арналған;

2 23 1 2340 – "Беру құрылғылары" оның көмегімен электрлік, жылу және механикалық қуаттар беру, сондай-ақ сұйық және газ тәрізді заттарды беру жүргізілетін магистральдық құбырларды, байланыс желілерін және энергетикалық (кабельдік) желілерді білдіретін құрылғыларды есепке алуға арналған шот қамтиды;

2 23 1 2350 – "Көлік құралдары" қозғалыс құралдарының барлық түрлерін есепке алуға арналған, олар мынадай жеке топтарға бөлінеді:

теміржол көлігінің жылжымалы құрамы (тепловоздар, мотодрезиндер, вагондар, платформалар, цистерналар, дизель-электроходтар);

су және автомобиль көлігі (теплоходтар, сүйретпелер, баржалар мен баркалар, қызметтік қосымша құтқару қайықтары мен кемелері, жүзбелі айлақтар, желкенді кемелер, жүк таситын және жеңіл автомобильдер, тіркемелер,

автосамосвалдар, автоцистерналар, автобустар, мамандандырылған автомобильдер, оның ішінде жедел медициналық жәрдем қызметінің санитарлық автокөлігі, тартқыш тракторлар және басқа су және автомобиль көлігі);

әуе көлігі (ұшақтар, тікұшақтар);

ат көлігі (арбалар, шаналар);

өндіріс көлігі (электрокарлар, мотоциклдер, мотороллерлер, велосипедтер, қоларбалар, мүгедектерге арналған коляскалар және басқа өндіріс көлігі);

спорт көлігі;

2 23 1 2360 – "Машиналар мен жабдықтар" қуат машиналары мен жабдықтарды, жұмыс машиналары мен жабдықтарды, өлшеу аспаптарын, реттеу аспаптары мен қондырғыларын, зертхана жабдықтарын, компьютерлік жабдықтарды, дәрігерлік жабдықтарды, кеңсе жабдықтарын, криминалистикалық жабдықтарды, өзге де машиналар мен жабдықтарды есепке алуға арналған, олар мынадай жеке топтарға бөлінген:

жылу және электр энергиясын өндіретін қуат машиналары мен жабдықтар, машина-генераторлар және судың, желдің энергиясын, сондай-ақ жылу және электр энергиясын механикалық қозғалыс энергиясына айналдыратын машина-двигательдер;

өнім жасау және өндірістік мақсатта қызметтер көрсету процесінде және механикалық двигательдердің, адам және жануар күшінің көмегімен өндіріс процесінде еңбек затын ауыстыру барысында еңбек затына механикалық, жүк және жолаушы лифтілерін қоса алғанда термикалық және химиялық әсер етуге арналған жұмыс машиналары мен жабдықтары, машиналар, аппараттар мен жабдықтар;

өлшеу аспаптары – дозаторлар, амперметрлер, барометрлер, ваттметрлер, су өлшегіштер, вакуумметрлер, вапориметрлер, вольтметрлер, биіктік өлшегіштер, гальванометрлер, геодезиялық аспаптар, гигроскоптар, индикаторлар, компастар, манометрлер, хронометрлер, арнаулы таразылар, өлшегіштер, көпфункционалды сағаттар, касса аппараттары және басқа өлшеу аспаптары;

реттегіш аспаптар мен құрылғылар – оттегі-тыныс алу аспаптары, электрлі, пневматикалы және гидравликалы реттегіш қондырғылар, автоматты басқару пульттер, орталықтандыру және бұғаттау аппаратурасы, диспетчерлік бақылаудың желілік құрылғылары;

зертханалық жабдықтар – пирометрлер, реттегіштер, калориметрлер, ылғалдылықты анықтайтын аспаптар, айдау текшелері, зертханалық копралар, газ өткізгіштікті сынайтын аспаптар, жыртылуға төзімділікті сынайтын аспап, микроскоптар, термостаттар, тұрақтандырғыштар, кергіш шкафтар және басқа зертханалық жабдықтар;

компьютерлік жабдықтар – дербес компьютерлер, процессорлар, іркіліссіз қорек көздері, мониторлар, принтерлер, сканерлер және басқа компьютерлік жабдықтар;

медициналық жабдықтар – медициналық жабдықтар (тіс дәрігері креслосы, операциялық столдар, арнаулы жабдығы бар төсектер), арнаулы дезинфекциялық және дезинсекциялық жабдықтар, сүтханалар мен сүт станцияларының, қан құю станцияларының жабдықтары және басқа медициналық жабдықтар;

офистік жабдықтар – көшіргіш машиналар, факс-машиналар, құжаттарды жоюға арналған машиналар және басқалар және басқа офистік жабдықтар;

өзге де машиналар мен жабдықтар – стадиондардың, спорт алаңдарының және спорт жайларының жабдықтары (оның ішінде спорт снарядтары), оқу орындарындағы кабинеттер мен зертханалардың жабдықтары, киноаппаратура, жарық беретін аппаратура, сахна жабдықтары, саз аспаптары, теледидарлар, таспалар, ұялы байланыс аппараттары, пейджерлер, радиоаппаратура, ғылыми-зерттеу мемлекеттік мекемелерінің мен ғылыми жұмыспен айналысатын басқа да ұйымдардың арнайы жабдықтары, автоматты телефон станциясының жабдықтары, механикалық өрт сөндіру сатылары, кір жуатын және тігін машиналары, тоңазытқыштар, шаңсорғыштар, ауа баптағыштар, қысқа толқынды пештер, бейнетіркегіштер, автодабылдағыштар, бағыттағыштар, бейнекамералар, жоғарыда тізбеленген топтарда көрсетілмеген басқа машиналар мен жабдықтар;

қару-жарак және әскери техника;

криминалистикалық жабдық – құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың уәкілетті бөлімшелерінің сотқа дейінгі тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз етуіне арналған криминалистикалық шабадандар, сандық шағын, айналы, гибридік фотоаппараттар, сандық бейнекамералар;

2 23 1 2370 – "Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы" аспаптар, өндірістік және шаруашылық құралдарды есепке алуға арналған және мынадай топтарды қамтиды:

аспаптар – механикаландырылған және механикаландырылмаған жалпы сипаттағы еңбек құралдары, сондай-ақ машиналарға бекітілген, материалдарды өңдеу үшін қолданылатын заттар. Оларға электр энергиясының, қысылған ауаның көмегімен жұмыс істейтін қолға ұстайтын механикаландырылған құралдарды (электродрелдер, бояу бүріккіштер, электр тітіркеткіштер, гайка бұрағыштар) қоса алғанда қол еңбегінің кесетін, ұратын, қысатын және тығыздайтын құралдары, сондай-ақ материалдарды өңдеуге, монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған құралдар (қыспақтар, патрондар, бөлгіш тығындар, қозғағыштарды орнатуға және автомобильдердегі кардан біліктерін айналдыруға арналған құралдар);

өндірістік мүкәммал мен керек-жарақтар – жұмыс уақытында өндірістік операцияларды жеңілдетуге қызмет ететін өндірістік мақсаттағы заттар, жұмыс үстелдері, верстагтар, кафедралар, парталар және еңбекті қорғауға көмектесетін басқа жабдықтар, сұйық және сусымалы заттарды сақтауға арналған орынжайлар (бактар, амбарлар, сенектер, камбалар), сауда шкафтары мен сөрелер, мүкәммал ыдыстар, жұмыс машиналарына жатқызылмаған техникалық мақсаттағы заттар;

шаруашылық мүкәммал – кеңсе керек-жарақтары (қабырғалық жиһаз, гарнитуралар, құрамалы жиһаздар, тумбалар, демалыс бұрышы), жылжытпалы тосқауылдар, ілгіштер, гардеробтар, әр түрлі шкафтар, дивандар, үстелдер, орындықтар, креслолар, кітап сөрелері, жанбайтын шкафтар мен жәшіктер, сейфтер, еденде тұратын сағаттар, гектографтар, шапирографтар мен басқа да қолға ұстайтын көбейткіш және нөмірлегіш аппараттар, телефон аппараттары, желдеткіштер, жылжытпалы киіз үйлер, шатырлар (оттегілерінен басқа), кереуеттер (арнайы жабдығы бар кереуеттерден басқа), кілемдер, портьерлер, терезеге арналған торлар және басқа да шаруашылық мүкәммал, сондай-ақ өртке қарсы мақсаттағы заттар-гидропульттер, стендтер, қол сатылар, өрт сөндіргіштер ;

басқа да өндірістік және шаруашылық мүкәммал – рамадағы картиналар, қола мүсіндер (бюсттер), мраморлы вазалар, шамдар (люстралар, бра), мемлекеттік рәміздер, тифлоқұралдар мен сурдоқұралдар, көрнекі насихаттау стендтері;

2 23 1 2380 – "Өзге де негізгі құралдар" өзге негізгі құралдарды есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 23 1 2381 – "Мәдени мұра активтері", мұнда өзінің мәдени, экологиялық және тарихи мәніне байланысты мәдени мұра болатын активтер есепке алынады. Оларға тарихи ғимараттар мен монументтер, археологиялық қазба орындары, қорықтар мен табиғи қорғалатын аумақтар, өнер шығармалары, сондай-ақ құнына қарамастан мұражай құндылықтары жатады;

2 23 1 2382 – "Кітапханалық қор", мұнда жекелеген кітаптардың құнына қарамастан кітапханалық қорлар есептеледі. Кітапханалық қорларға ғылыми, көркем және оқулық әдебиет, әдебиеттің арнаулы түрлері және басқа басылымдар енгізіледі;

2 23 1 2383 – "Өзге негізгі құралдар", мұнда:

жерді жақсарту бойынша күрделі шығындар есепке алынады. Жерді жақсарту жөніндегі күрделі шығындарға күрделі салымдар есебінен жүргізілетін (жер бөліктерін жобалау, алқаптарды егістік үшін отау, даланы тастар мен қой тастардан тазарту, түбірлерді кесу, жабайы өсімдіктерден арылту, көлшіктерді тазарту), ауыл шаруашылығына арналған жерді үстіртін жақсарту жөніндегі мәдени-техникалық шараларға арналған заттық сипатта емес (құрылыс салуға байланысты емес) шығындар жатады;

олардың құнына қарамастан, хайуанаттар бағындағы және басқа сондай мекемелердегі жануарлар әлемінің экспонаттары;

бірлік үшін құны екі айлық есептік көрсеткіштен жоғары сахналық қойылым құралдары (декорациялар, жиһаз және кәделік, бутафорлық заттар, театралды және ұлттық костюмдер, бас киімдер, іш киімдер, аяқ киімдер, париктер);

оқу кинофильмдері, магнитті дискілер мен ленталар;

көшелердегі, аландардағы, парктердегі, бақтардағы, саябақтардағы, ұйымдардың аумағындағы, тұрғын үй аулаларындағы көгалдандыру және көріктендіру өсімдіктері, жанды қоршаулар, қар тосқындары мен егістікті қорғайтын жалдар, құмдар мен өзен жағалауларын бекітетін өскіндер, жар-қабақ өскіндері, ботаника бақтарының және ғылыми-зерттеу ұйымдары мен оқу орындарының ғылыми мақсаттарға арнап басқа қолдан өсірілген көпжылдық өскіндер;

өзге де мүкәммал, су диспенсерлері, кастрюльдер, табалар, жол белгілері, жасанды бұзушылықтар, сәндік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (мүсіндер, субұрқақтар, барельефтер, көше гүлзарлары, павильондар, беседкалар, орындықтар, урналар, балалар ойындары мен ересек тұрғындардың демалуына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

жұмыс малдары – жылқылар, өгіздер, түйелер, есектер және басқа да жұмыс малдары (көліктік және спорт жылқыларын, қызметтік иттерді қосқанда);

елді мекендердің бас жоспары;

басқа шоттардың тобына енгізілмеген өзге де негізгі құралдар;

2 23 1 2390 – "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы" негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсыздануына резерв сомасын есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 23 1 2391 – "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы", мұнда негізгі құралдардың жинақталған амортизациясының сомасы есепке алынады;

2 23 1 2392 – "Негізгі құралдардың құнсыздануына резерв", мұнда мемлекеттік мекеменің теңгеріміндегі негізгі құралдардың құнсыздануына резерв құрумен және оның қозғалысымен байланысты операциялар есепке алынады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. 24 "Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар" кіші бөлімі аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдарды есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шотты қамтиды:

2 24 1 2410 – "Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар" күрделі салымдарды және аяқталмаған жұмыс циклі және пайдалануға тапсырылмаған

объектілерді есепке алуға үшін арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 24 1 2411 – "Аяқталмаған құрылыс", мұнда аяқталмаған және пайдалануға тапсырылмаған объектілер құрылысы бойынша шығындар есепке алынады (ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу, жабдықты монтаждау бойынша, қару-жарақ пен әскери техника, жобалау алдындағы (техникалық-экономикалық негіздеме), жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамалар);

2 24 1 2412 – "Материалдық емес активтерге күрделі салымдар", мұнда материалдық емес активтерге қаржыландырылатын әзірleme сатысындағы күрделі салымдар есепке алынады.

2 24 1 2413 – "Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру қондырғыларын өзге де негізгі құралдарды күрделі жөндеу", мұнда үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру қондырғыларын өзге де негізгі құралдарын күрделі жөндеу есепке алынады;

2 24 1 2414 – "Жолдарды күрделі жөндеу", мұнда жолдарды күрделі жөндеу есепке алынады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. 25 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" кіші бөлімі мемлекеттік мекемеге сыйақы түрінде пайда алып келетін жылжымайтын мүлікті есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

2 25 1 2510 – "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" шоты меншік иесіндегі немесе жалдау төлемдерін және/немесе капиталдың құн өсімінен табыс алу мақсатында жалдау шарты бойынша жалға алушының иелігіндегі жер және ғимарат (не ғимараттың бір бөлігі, не жер мен ғимараттың бөлігі) түріндегі инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алуға арналған;

2 25 1 2520 – "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы" шоты инвестициялық жылжымайтын мүліктердің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануына резерв сомасын есепке алу үшін арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 25 1 2521 – "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің жинақталған амортизациясы", мұнда инвестициялық жылжымайтын мүліктердің жинақталған амортизация сомасы есепке алынады;

2 25 1 2522 – "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануына резерв", мұнда инвестициялық жылжымайтын мүліктердің құнсыздануына резерв құру мен оның қозғалысымен байланысты операциялар есепке алынады.

22. 26 "Биологиялық активтер" кіші бөлімі биологиялық активтерді есепке алу үшін арналған. Бұл бөлімше мынадай шотты қамтиды:

2 26 1 2610 – "Жануарлар", мұнда өнімдік және асыл тұқымды мал-сиырлар, бұқалар, буйволдар мен кодастар (жұмыстағысынан басқа), айғырлар мен асыл тұқымды биелер (жұмыс істемейтін), үйірде бағуға ауыстырылған биелер буралар мен інгендер (жұмыс істемейтін), ұрғашы бұғылар мен еркек бұғылар (мүйізді), еркек шошқалар мен мегежіндер, қойлар мен қошқарлар, ешкілер мен текелер есепке алыну үшін арналған;

2 26 1 2620 – "Көпжылдық екпелер", мұнда көпжылдық отырғызулардың екі тобы есептеледі:

олардың жасына қарамастан қолдан отырғызылған мынадай көпжылдық өсімдіктер жатады: жеміс-жидектердің барлық түрлері (ағаштар мен бұталар);

егуге арналып питомниктерде өсірілген көпжылдық көшеттер.

Жас өскіндердің барлық түрлері жеміс беруге жеткен, бұтақтары ұйысатын жасқа жеткен өскіндерден бөлек есептеледі;

2 26 1 2630 – "Биологиялық активтердің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы", мұнда биологиялық активтердің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануына резерв сомасын есепке алу үшін арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 26 1 2631 – "Биологиялық активтердің жинақталған амортизациясы", мұнда биологиялық активтердің жинақталған амортизация сомасы есепке алынады;

2 26 1 2632 – "Биологиялық активтердің құнсыздануына резерв", мұнда биологиялық активтердің құнсыздануына резерв құру мен оның қозғалысымен байланысты операциялар есепке алынады.

23. 27 "Материалдық емес активтер" кіші бөлімі материалдық-заттық негізі жоқ, бірақ қолдану мерзімі ұзақ уақыт активтерді есепке алу үшін арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарға бөлінеді:

2 27 1 2710 – "Материалдық емес активтер" шоты материалдық-заттық негізі жоқ, бірақ қолдану мерзімі ұзақ уақыт активтерді есепке алу үшін арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 27 1 2711 – "Бағдарламалық қамтамасыз ету", мұнда мекеме өз қызметінде бір жылдан аса қолдануға болжанатын компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету және дерекқор, техникалық тасығыштардағы бағдарламалар есепке алынады. Бұл қосалқы шотта сондай-ақ жүйелік, стандартты және қолданбалы бағдарламалық құралдар, компьютерлік бағдарламалар, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету үшін бағдарламалар сипаттамасы және көмекші материалдар есепке алынады. Бұл қосалқы шотта бағдарламалық басқаруы бар машиналар мен құрал-жабдықтың бағдарламалық қамтамасыздандыруы, компьютердің операциялық жүйесі есепке алынбайды;

2 27 1 2712 – "Авторлық құқық", мұнда әдебиет және сурет шығармаларының түпнұсқасына авторлық құқықтар есепке алынады. Түпнұсқа ойлап шығарушы

тұлғаға жатады (авторға, кинокомпанияларға) және оларға авторлық құқық, патент, лицензиялар немесе құпиялық құқығы түрінде заңды және нақтылы меншіктік құқығы қойылады. Мұнда авторлық құқықтар мыналарға ескеріледі:

фильмдер, дыбысжазулары, қолжазбалар, магниттік ленталар және с.с. түпнұсқалар, олар бойынша театрлық қойылымдар, радио-және теледидарлық бағдарламалар, музыкалық қойылымдар, спорттық жарыстар, әдебиет және сурет шығарылымдары жазылады және шығарылады;

шығарылымдар, өзі қолдану үшін ойлап табу;

2 27 1 2713 – "Лицензиялық келісімдер", мұнда жерді, сумен, пайдалы қазбалармен және басқа да табиғи ресурстармен пайдалануға құқық, заңды немесе есептік істермен куәландырылмағаннан басқа, лицензиялық келісімдерді қолдану үшін құқық есепке алынады;

2 27 1 2714 – "Патенттер", мұнда мыналар есепке алынады, мұнда заңды немесе есептік істермен куәландырылмағанынан басқа ойлап шығаруға, пайдалы модельдерге, өндірістік нұсқалар, интегралды микросхема топологиялары, селекциялық жетістіктер және басқа да объектілерге патентпен қолдану құқықтары бойынша төлемдер есепке алынады;

2 27 1 2715 – "Гудвилл", мұнда гудвиллдың нақты сомасы мен қозғалысымен байланысты операциялар есепке алынады;

2 27 1 2716 – "Өзге материалдық емес активтер", мұнда өзге материалдық емес активтер есепке алынады, олар мыналарды қамтиды:

ғылымды қажет ететін өндірістік технологиялар, жаңа ақпарат, ноу-хау және басқа санаттарға жатқызылмайтын өзге де шығарулар, өндірісі бірліктермен шектелетін, меншік құқығы қойылған немесе сәйкесінше алған құжаттар қолданылады;

ұйымдастыру шығындары-заңды тұлғаның құрылуы кезіндегі құжаттардың рәсімделуі және олар мыналарды қамтиды:

тіркелім бойынша шығыстар фирмалық атаулар, есімдер, тауар белгілері;

пайдалы кендерді барлау және өндіруді орындауға құқықтар;

концессиялар мен активтерге ұқсас құқықтар, олар мыналарды қамтиды: белгілі бір жерлерде балықтар аулауға концессиялар, басқа активтер немесе ерекше құқықтар;

жалға алынған мүлікті бірнеше жыл аралығында пайдалану құқықтары;

2 27 1 2720 – "Материалдық емес активтердің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы" шоты материалдық емес активтердің амортизациясы мен құнсыздануы есепке алу үшін арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2 27 1 2721 – "Материалдық емес активтердің жинақталған амортизациясы", мұнда материалдық емес активтердің амортизациясы есепке алынады;

2 27 1 2722 – "Материалдық емес активтердің құнсыздануына резерв", мұнда материалдық емес активтердің құнсыздануына резерв құру мен оның қозғалысымен байланысты операциялар есепке алынады.

24. 28 "Өзге ұзақ мерзімді активтер" кіші бөлімі алдыңғы шот топтарында көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді активтерді есепке алу үшін арналған. Бұл бөлімше мынадай шотты қамтиды:

2 28 1 2810 – "Өзге ұзақ мерзімді активтер" шоты алдыңғы шот топтарында көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді активтер бойынша операцияларды есепке алу үшін арналған.

6-тарау. 3 "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары

25. 3 "Қысқа мерзімді міндеттемелері" бөлімінің шоттары мемлекеттік мекемелерде қысқа мерзімді ретінде жіктелетін міндеттемелерін есепке алуға арналған.

26. 3 "Қысқа мерзімді міндеттемелері" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

30 – "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелері";

31 – "Салық және өзге төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

32 – "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

33 – "Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері";

34 – "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері".

27. 30 "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" кіші бөлімі қысқа мерзімді ретінде жіктелетін қаржылық міндеттемелерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3 30 1 3010 – "Қысқа мерзімді алынған сыртқы қарыздар", алынған қысқа мерзімді сыртқы қарыздарды есепке алуға арналған;

3 30 1 3020 – "Қысқа мерзімді алынған ішкі қарыздар", алынған қысқа мерзімді ішкі қарыздарды есепке алуға арналған;

3 30 1 3030 – "Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер", шоттардың басқа топтарында көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер есепке алуға арналған;

3 30 1 3040 – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер", мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелерді есепке алуға арналған.

28. 31 "Салық және басқа да төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі салық және басқа да төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

3 31 1 3110 – "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектер есепке алынады. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 31 1 3111 – "Жеке тұлғаларға трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда жеке тұлғалармен әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік көмектер бойынша, қызметкерлер мен қызметшілерге еңбекте алған жарақат, не болмаса заңнамасына сәйкес олардың еңбектегі міндеттерін орындауға байланысты өзге де денсаулығын зақымдаған залалдың орнын толтыру, қаза болған, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына төленетін біржолғы төлемдер бойынша, әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметшілерден басқа), сондай-ақ ішкі істер органдарының шұғыл-ізвестіру, тергеу және саптық бөлімшелерінің, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің, қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер бойынша шығыстарды төлеу үшін берілетін ақшалай өтемақы бойынша, жеке тұлғаларға өзге де трансферттер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен бір жылға дейінгі мерзімге бөлінген қаражаттың қозғалысы есепке алынады;

3 31 1 3112 – "Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлген нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша қаражат қозғалысы есепке алынады;

3 31 1 3113 – "Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектер есепке алынады;

3 31 1 3114 – "Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша есеп айырысулар есепке алынады;

3 31 1 3115 – "Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа қожалықтарына және фермерлік шаруашылықтарға субсидиялар бойынша есеп айырысулар есепке алынады;

3 31 1 3120 – "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 31 1 3121 – "Жеке табыс салығы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес жеке табыс салығының есептелуімен және бюджетке төленуімен байланысты операциялар көрсетіледі;

3 31 1 3122 – "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Салық кодексіне сәйкес әлеуметтік салықтың есептелуі және бюджетке төленуі бойынша операциялар есепке алынады;

3 31 1 3123 – "Қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Салық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы есепке алынады;

3 31 1 3124 – "Өзге де салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда алдыңғы шоттар тобында көрсетілмеген бір жылға дейінгі мерзіммен Салық кодексіне сәйкес бейрезидент заңды тұлғалармен операциялар бойынша төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстау және бюджетке төлеу, мемлекеттік баж салығын есептеу және бюджетке төлеу, сондай-ақ өзге де бюджетке есептеулер мен төлемдер бойынша операциялар есепке алынады;

3 31 1 3130 – "Өзге де бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" активтерді сатудан түсетін кірістер бойынша, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен сметадан тыс түсімдерді көрсететін кірістер бойынша, активтердің жетіспеушілігін өтеуден түсетін кірістер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік бюджет түсуі тиіс басқа да кірістер бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 31 1 3131 – "Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда кірісі мемлекеттік бюджетке тиесілі мемлекеттік мекеменің ұзақ мерзімді активтерін сатуы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектер есепке алынады;

3 31 1 3132 – Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістер бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін сметадан тыс түсімдерді мемлекеттік бюджеттің кірісіне беру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектер, сондай-ақ жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікпен операцияларды есепке алу бойынша сатып алушылардың қысқа мерзімді кредиторлық берешегі есепке алынады;

3 31 1 3133 – "Өзге де операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда активтердің жетіспеушілігін өтеуден

түскен кірістердің, сондай-ақ басқа шоттар топтарында көрсетілмеген өзге де кірістердің түсімі бойынша мемлекеттік мекеменің бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешегі есепке алынады;

3 31 1 3140 – "Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 31 1 3141 – "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) сәйкес міндетті әлеуметтік аударымдарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3 31 1 3142 – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Әлеуметтік кодекске сәйкес мемлекеттік мекемелер жүргізетін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ төленетін зейнетақы жарналарын есептеуге және төлеуге байланысты операциялар көрсетіледі;

3 31 1 3143 – "Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда мемлекеттік мекемелер жүргізетін автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға жарналар бойынша кредиторлық берешек есепке алынады;

3 31 1 3144 – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Әлеуметтік кодекске сәйкес мемлекеттік мекемелер жүргізетін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге және төлеуге байланысты операциялары көрсетіледі;

3 31 1 3145 – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Әлеуметтік кодекске сәйкес мемлекеттік мекемелер жүргізетін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуге және төлеуге байланысты операциялар көрсетіледі;

3 31 1 3150 – "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 31 1 3151 – "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Әлеуметтік медициналық сақтандару туралы заң) сәйкес мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленуі тиіс міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды есептеуіне байланысты операциялар көрсетіледі;

3 31 1 3152 – "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Әлеуметтік медициналық сақтандару туралы заңға сәйкес қызметкерлердің кірісінен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленуі тиіс міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын есептеуге байланысты операциялар көрсетіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. 32 "Өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

3 32 1 3210 – "Өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" өтеу мерзімі бір жылға дейінгі жеткізушілер мен мердігерлерге қорларды жеткізу және қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда сатып алынған қорлар, ұзақ мерзімді активтер, қабылданған жұмыстар мен тұтынылған қызметтер үшін есеп айырысуға қысқа мерзімді кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған;

3 32 1 3220 – "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" мемлекеттік мекемелердің ведомстволық есеп айырысулар бойынша өтеу мерзімі бір жылдан кем қысқа мерзімді кредиторлық берешегін есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 32 1 3221 – "Ішкі ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінің ведомствоішілік есеп айырысулары бойынша, оның ішінде қайтарымы негізде республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен алынған кредиттер сомалары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешегін есепке алуға арналған;

3 32 1 3222 – "Ведомствоаралық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" ведомствоаралық есеп айырысулар бойынша, сондай-ақ қайтарылу негізінде республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен алынған кредиттер сомалары бойынша мемлекеттік мекемелердің қысқа мерзімді кредиторлық берешегін есепке алуға арналған;

3 32 1 3230 – "Стипендиаттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға және аспиранттарға, ғылыми-зерттеу мемлекеттік мекемелердің және мектептердің, колледждердің, кәсіптік-техникалық мектептердің оқушылары, курстардың тыңдаушылары стипендиялар есептеу және төлеу бойынша стипендианттармен есеп айырысуын есепке алу үшін арналған;

3 32 1 3240 – "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" жұмысшылармен және қызметшілермен еңбекақы төлеу, өзге де есеп айырысулар, Дене шынықтыру Заңына сәйкес өзге тұлғаларға берілетін іссапар шығыстары бойынша есеп айырысуларды есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 32 1 3241 – "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне төленуге тиісті еңбекақы, компенсациялық төлемдер, бір реттік төлемдер (материалдық көмек, ынталандыру және басқа да ұқсас төлемдер) және қызметкердің еңбекақысынан ұсталуға тиісті сомалар есепке алынады;

3 32 1 3242 – "Атқару құжаттары бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылдан артық емес кезең ішінде олардың жеке шоттарына аудару үшін басқа тұлғаның пайдасы үшін жалақы төлемдерінен, стипендиялардан, атқарушы парактары мен басқа құжаттар бойынша ұсталған сомалар есепке алынады;

3 32 1 3243 – "Депоненттелген сома бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда жұмыскерлер мен студенттердің белгіленген мерзімде алынбаған жалақы төлемдері мен шәкіртақылардың сомалары есепке алынады;

3 32 1 3244 – "Уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы есептеу және төлеу бойынша есеп айырысулары есепке алынады;

3 32 1 3245 – "Кәсіподақтық мүшелік жарна сомаларын қолма-қол емес аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда қызметкерлердің еңбекақы сомаларынан кәсіподақ ұйымдарымен қолма-қол емес есеп айырысу жүйесінде ұсталынатын ұсталымдар есепке алынады (кәсіподақ мүшесінің жазбаша мінездемесі негізінде);

3 32 1 3246 – "Пайдаланылмаған демалыс бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда қызметкерлердің жинақталған пайдаланылмаған демалыс бойынша резерв (міндеттемелер) сомасы есепке алынады;

3 32 1 3247 – "Банктерге салымдар бойынша шоттарға аударылған қолма-қол ақшасыз аударымдар бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда қызметкерлер мен жұмыскерлердің жеке жазбаша өтініші негізінде еңбекақысынан ұсталынатын, яғни еркі бойынша еңбекақысын банк шоты арқылы қолма-қол емес есеп айырысу негізінде аудару бойынша кредиторлық берешектер сомасы есепке алынады;

3 32 1 3248 – "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда қызметкерлер мен жұмыскерлердің тапсырмасы бойынша сақтандыру органдарымен қолма қол емес есеп айырысу жолымен сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бекітілген негізде (қызметкердің жазбаша өтініші негізінде) банктен алынған қарыз сомасын төлеу бойынша, есеп беретін сома бойынша бір жылдан артық емес негізде төленуге жататын қызметкерлердің еңбекақысынан ұсталатын сомалар есепке алынады;

3 32 1 3249 – "Өзге де есеп берілетін сомалар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Дене шынықтыру Заңына сәйкес берілуге жататын іссапар сомалары бойынша берешек есепке алынады;

3 32 1 3250 – "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" алынған қарыздар, қаржылық жал және өзге де сыйақылар бойынша төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақыларды есепке алу үшін арналған;

3 32 1 3260 – "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектерді есепке алу үшін арналған;

3 32 1 3270 – "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шоттардың басқа топтарында көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 32 1 3271 – "Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемеге жеке және (немесе) заңды тұлғалар олардың қайтарымдылығы не белгілі бір талаптар басталған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен беретін ақша сомасы есепке алынады және де сотталғандар мен тергеуге алынып сотталған тұлғалардан алынған сомасы мен жеке ақшалары, сотталғандардың жалақыдан ұсталған сомасы, зейнетақылары, жәрдемақылары және өзге де табыстары қаражат есепке алынады;

3 32 1 3272 – "Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысу", мұнда қолма-қол тиындарды ақша айналымынан алу себебі бойынша қызметкер жұмыстан босатылған, стипендиаттың оқу мерзімі

аяқталған, атқару қағазының немесе басқа да құжаттың қолданыс мерзімі аяқталған жағдайда төленбеген немесе артық төленген тиындардың сомалары есепке алынады;

3 32 1 3273 – "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген бір жыл мерзімге дейінгі өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер, оның ішінде сақтандыру бойынша жұмыстар мен қатысып сөз сөйлеу үшін, гонорар үшін берешек сомасы есепке алынады;

3 32 1 3274 – "Қорлардан төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектер" мұнда қорлардан, оның ішінде Жәбірленушілерге өтемақы қорынан төлемдер бойынша кредиторлық берешек есепке алынады;

3 32 1 3280 – "Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3 32 1 3281 – "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", қосылған құн салығынан (бұдан әрі – ҚҚС) басқа, бір жылдан аз кезең ішіндегі бюджетке түсетін салықтық түсімдер мен кедендік төлемдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөніндегі операцияларды есепке алуға арналған;

3 32 1 3282 – "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", салық төлеуші ұсынған декларацияға сәйкес есептелген ҚҚС сомасын төлеу жөніндегі операцияларды есепке алуға арналған;

3 32 1 3283 – "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", салық төлеуші ұсынған қосымша декларацияға сәйкес есептелген ҚҚС сомасын қайтару жөніндегі операцияларды есепке алуға арналған;

3 32 1 3284 – "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", бір жылдан кем кезең ішінде бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер жөнінде төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған;

3 32 1 3285 – "Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше-мемлекеттер алдындағы бөлінетін кеден баждары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", бір жылдан кем кезең ішінде Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше-мемлекеттер алдындағы бөлінетін кеден баждары бойынша операцияларды есепке алуға арналған.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. 33 "Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері" кіші бөлімі қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттан тұрады:

3 33 1 3310 – "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері", мұнда белгісіз уақытпен және сомамен міндеттемелер ретінде анықталған бір жыл мерзімге дейінгі қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерін есептеуге арналған;

3 33 1 3320 – "Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелері", мұнда бір жылға дейінгі кепілдік мерзімімен сатылған өнімдер және көрсетілген қызметтер бойынша кепілдік міндеттемелер жөніндегі резервті құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелері көрініс табады.

31. 34 "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" кіші бөлімі алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған. Аталған кіші бөлім мына шоттардан тұрады:

3 34 1 3410 – "Алынған қысқа мерзімді аванстар" шоты шарт бойынша бір жылдан кем мерзім ішінде мемлекеттік ұйымдардың атқаратын жұмыстары мен қызмет көрсетулері үшін тапсырысшылар мен сатып алушылардан алған аванстар есепке алынады;

3 34 1 3420 – "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері" шоты алдыңғы топтарды көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған.

7-тарау. 4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары

32. 4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары мемлекеттік мекемелерде ұзақ мерзімді ретінде жіктелетін міндеттемелерін есепке алуға арналған.

33. 4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды :

40 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер";

41 – "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек";

42 – "Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері";

43 – "Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер".

34. 40 "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" кіші бөлімі ұзақ мерзімді ретінде жіктелетін қаржылық міндеттемелерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

4 40 1 4010 – "Ұзақ мерзімді алынған сыртқы қарыздар" өтеу мерзімі бір жылдан асатын алынған сыртқы қарыздар бойынша міндеттемелерді есепке алуға арналған;

4 40 1 4020 – "Ұзақ мерзімді алынған ішкі қарыздар" өтеу мерзімі бір жылдан асатын алынған ішкі қарыздар бойынша міндеттемелерді есепке алуға арналған;

4 40 1 4030 – "Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер", онда алдыңғы шоттарда көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер есепке алынады;

4 40 1 4040 – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер", мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелерді есепке алуға арналған;

4 40 1 4050 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттеменің номиналды және әділ құны арасындағы оң айырма", алынған қарыздың номиналды құны мен тиімді пайыздық мөлшерлемені (сыйлықақы) ескере отырып есептелген оның әділ құны арасындағы оң айырма сомасын есепке алуға арналған;

4 40 1 4060 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттеменің номиналды және әділ құны арасындағы теріс айырма" алынған қарыздың номиналды құны мен тиімді пайыздық мөлшерлемені (дисконт) ескере отырып есептелген оның әділ құны арасындағы теріс айырма сомасын есепке алуға арналған.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. 41 "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарға бөлінеді:

4 41 1 4110 – "Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоты бір жылдан асатын төлеу мерзімімен жеткізушілер мен мердігерлерге кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған;

4 41 1 4120 – "Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоты жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған;

4 41 1 4130 – "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған.

36. 42 "Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері" кіші бөлімі ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттан тұрады:

4 42 1 4210 – "Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері" шот ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерін есептеуге арналған;

4 42 1 4220 – "Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелері", мұнда бір жылдан астам кепілдік мерзімімен сатылған өнімдер және көрсетілген қызметтер бойынша кепілдік міндеттемелер жөніндегі резервті құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелері көрініс табады.

37. 43 "Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер" кіші бөлімі алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мына шоттардан тұрады:

4 43 1 4310 – "Алдағы кезеңдердің кірістері" шоты ағымдағы айда алынған, бірақ есепті кезеңнің болашақ айларына жатқызылатын кірістерді есепке алуға арналған;

4 43 1 4320 – "Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелері" шоты алдыңғы топтарды көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған.

8-тарау. 5 "Таза активтер/капитал" бөлімінің шоттары

38. 5 "Таза активтер/капитал" бөлімінің шоттары мемлекеттік мекеменің таза активтері/капиталын есепке алуға арналған.

39. 5 "Таза активтер/капитал" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

50 – "Қаржыландыру";

51 – "Резервтер";

52 – "Қаржылық нәтиже".

40. 50 "Қаржыландыру" кіші бөлімі қаржыландыру көзін есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шотты қамтиды:

5 50 1 5000 – "Күрделі салымдарды қаржыландыру". Бұл шот мынадай қосалқы шотты қамтиды:

5 50 1 5010 – "Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру" мемлекеттік бюджеттен бөлінген сыртқы қарыздар мен байланысты гранттардың есебінен қаржыландыруды есепке алуға арналған.

41. 51 "Резервтер" кіші бөлімі резервтерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мына шоттардан тұрады:

5 51 1 5110 – "Резервтер" шоты активтерді қайта бағалауға, топтың есептілігін шоғырландыру үшін шетелдік мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін қайта есептеуге арналған резервтерді есепке алуға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

5 51 1 5111 – "Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв", мұнда негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижелері есепке алынады;

5 51 1 5112 – "Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв", мұнда материалдық емес активтерді қайта бағалау нәтижелері есепке алынады;

5 51 1 5113 – "Қаржылық инвестицияларын қайта бағалауға арналған резерв", мұнда қаржылық салымдарды қайта бағалау нәтижелері есепке алынады;

5 51 1 5114 – "Шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв", мұнда негізгі мемлекеттік мекемемен қаржылық есептілікті шоғырландыру үшін шетелдік мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілік элементтерін қайта есептеуден базалық нәтиже есепке алынады;

5 51 1 5115 – "Өзге резервтер", мұнда алдыңғы шоттар топтарында көрсетілмеген резервтер есепке алынады.

42. 52 "Қаржылық нәтиже" кіші бөлімі мемлекеттік мекеменің қаржылық қызметтен жинақталған қаржылық нәтижелерді есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

5 52 1 5210 – "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі" шоты мемлекеттік мекеме бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесін есепке алуға арналған;

5 52 1 5220 – "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шоты мемлекеттік мекеме бойынша өткен жылдардың қаржылық нәтижелерін есепке алуға арналған;

5 52 1 5230 – "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңдегі қаржылық нәтижесі" шоты бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңдегі қаржылық нәтижені есепке алуға арналған;

5 52 1 5240 – "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі", бюджетке түсетін түсімдер бойынша жинақталған алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижелерін есепке алуға арналған.

9-тарау. 6 "Кірістер" бөлімінің шоттары

43. 6 "Кірістер" бөлімінің шоттары айырбас және айырбас емес операциялардан алынатын кірістерді есепке алуға арналған.

44. 6 "Кірістер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

60 – "Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер";

61 – "Айырбас операциялардан алынатын кірістер";

62 – "Активтерді басқарудан алынатын кірістер";

63 – "Өзге кірістер".

45. 60 "Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер" кіші бөлімі айырбас емес операциялардан алынған кірістерді (тікелей берместен, балама құнына айырбастау ретінде алынған кірістерді) есепке алуға арналған. Бұл кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

6 60 1 6000 – "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер", республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалыуына байланысты операциялар бойынша, басқа бюджеттер есебінен жеке қаржыландыру жоспары бойынша мемлекеттік мекемені ұстауға және оның ағымдағы қызметіне арнап алынған қаржыландырудан түсетін кірісті тануға арналған;

6 60 1 6001 – "Күрделі салымдарды қаржыландырудан алынатын кірістер", бюджеттік қаржыландыру есебінен күрделі салымдарды қаржыландырудан түскен кірісті тануға арналған;

6 60 1 6002 – "Трансферттер бойынша кірістер", трансферттерді аудару үшін алынған қаржыландырудан түсетін кірісті мемлекеттік мекеменің тануына арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

6 60 1 6015 – "Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер бойынша кірістер", мемлекеттік мекеменің қызметкері болып табылмайтын жеке тұлғаларға берілетін трансферттерді аудару үшін алынған қаржыландырудан түскен кірісті мемлекеттік мекеменің тануына арналған;

6 60 1 6016 – "Нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша кірістер", нысаналы ағымдағы трансферттерді аудару үшін алынған қаржыландырудан түсетін кірісті мемлекеттік мекеменің тануына арналған;

6 60 1 6024– "Нысаналы даму трансферттері бойынша кірістер", нысаналы даму трансферттерін аудару үшін алынған қаржыландырудан түсетін кірісті мемлекеттік мекеменің тануына арналған;

6 60 5 6032 – "Жергілікті өзін-өзі басқару трансферттері бойынша кірістер", Жергілікті басқару туралы Заңына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттерді аудару үшін алынған қаржыландырудан түсетін кірісті мемлекеттік мекеменің тануына арналған;

6 60 1 6033 – "Жалпы сипаттағы трансферттер бойынша кірістер", жалпы сипаттағы трансферттерді аудару үшін алынған қаржыландырудан түсетін кірісті мемлекеттік мекеменің тануына арналған;

6 60 1 6106 – "Басқа да трансферттер бойынша кірістер" Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына трансферттерді аудару үшін алынған қаржыландырудан түсетін кірісті мемлекеттік мекеменің тануына арналған;

6 60 1 6107 – "Субсидияларды төлеу жөніндегі қаржыландырудан түсетін кірістер", алынған субсидиялар бойынша кірісті мемлекеттік мекеменің тануына арналған;

6 60 1 6108 – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландырудан түсетін кірістер", мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау үшін алынған қаржыландырудан түсетін кірістерді тануға арналған;

6 60 1 6109 – "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер", филантропиялық және (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық қызмет кірістері түрінде алынған активтерді тануға арналған;

6 60 1 6110 – "Гранттар бойынша кірістер", мемлекеттік мекеме алған байланысты грантты есепке алуға арналған;

6 60 1 6117 – "Қарыздардың түсімдерінен түсетін кірістер", сыртқы және ішкі қарыздардың түсімдерінен түсетін кірістерді тануға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

6 60 1 6123 – "Сыртқы қарыз түсімдерінен түсетін кірістер", сыртқы қарыз түсімдерінен түсетін кірістерді тануға арналған;

6 60 1 6132 – "Ішкі қарыз түсімдерінен түсетін кірістер", ішкі қарыз түсімдерінен түсетін кірістерді тануға арналған;

6 60 1 6143 – "Айырбас емес операциялардан алынатын өзге кірістер", бюджетке түсетін өзге де өтеусіз түсімдерден түсетін кірістерді тануға арналған. Бұл шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

6 60 1 6144 – "Бюджетке түсетін салық түсімдерінен алынатын кірістер", "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Салық кодексіне және Еуразиялық экономикалық одақтың және/немесе Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген бюджетке түсетін салықтық түсімдер мен кедендік төлемдерден түсетін кірісті тануға арналған;

6 60 1 6264 – "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер", мемлекеттік меншіктен (қатысу үлестері, дивидендтер, мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі, кредиттер мен депозиттер бойынша сыйақылар, жалдау ақысы), активтерді басқарудан түсетін кірістер ретінде танылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді және өзге де мүлікті өткізуден, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден түсетін және ұзақ мерзімді активтердің кетуінен түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында, Еуразиялық экономикалық одақтың және/немесе Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген салықтық емес түсімдер бойынша түсетін кірісті тануға арналған;

6 60 3 6352 – "Жергілікті өзін-өзі басқарудан алынатын кірістер", Жергілікті басқару туралы Заңына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыру үшін облыстық бюджеттен және (немесе) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түскен трансферттер, оның ішінде субвенциялар бойынша кірістерді жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тануына арналған;

